

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

Аралық қысқартылған жеке
қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

*2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша
және осы күнге аяқталған алты ай үшін*

МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікті шолып тексерудің нәтижелері бойынша есеп

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған жеке есеп	1
Жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған жеке есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған жеке есеп	3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған жеке есеп	5
Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген)	6-33

Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Акционеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

Кіріспе

Біз «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның қоса беріліп отырған аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған жеке есептен, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін жиынтық кіріс туралы, ақша қаражатының қозғалысы туралы және меншікті капиталдағы өзгерістер туралы тиісті аралық қысқартылған жеке есептерден, сондай-ақ таңдаулы түсіндірме ескертпелерден («аралық қаржылық ақпарат») тұрады. Басшылық «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

Шолып тексеру көлемі

Біз шолып тексеруді 2410 «Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру» шолып тексерулердің Халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Тұжырым

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның қоса беріліп отырған аралық қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС




Адиль Сыздықов
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ МФ - 0000172 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 22 қыркүйек



Ольга Хегай
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
бас директорының м.а.

Қазақстан Республикасында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия: сериясы МФЮ-2, № 0000003,
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде
берілген

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ЕСЕП

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескер.	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар		8.049	9.865
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		6.488	4.783
Материалдық емес активтер		668	799
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	5	5.049.489	4.695.184
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	6	59.142	50.611
Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	7	1.468.003	1.401.115
Кредиттік мекемелердегі қаражат	8	372.397	565.520
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		694	694
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	9	24.642	24.648
		6.989.572	6.753.219
Қысқа мерзімді активтер			
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		21.116	13.810
Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	7	189.734	151.285
Кредиттік мекемелердегі қаражат	8	436.172	227.886
Басқа да қысқа мерзімді активтер	10	432.186	208.656
Ақша қаражаты мен оның баламалары	11	816.092	621.278
		1.895.300	1.222.915
Активтердің жиыны		8.884.872	7.976.134
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	12	5.345.362	5.268.819
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві		(1.472)	(1.472)
Бөлінбеген пайда		1.815.429	1.229.391
Капитал жиыны		7.159.319	6.496.738
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	13	360.858	365.169
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	14	771.393	679.844
		1.132.251	1.045.013
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	13	274.201	220.016
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	14	9.610	3.760
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер	16	88.165	80.419
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	15	221.326	130.188
		593.302	434.383
Міндеттемелер жиыны		1.725.553	1.479.396
Капитал мен міндеттемелер жиыны		8.884.872	7.976.134

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор
Басқарма мүшесі



Ар Рысқұлов

Бас бухгалтер

Әбдірахманова

6-33 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ЕСЕП

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін

Миллион теңгемен	Ескер.	2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Пайыздық кірістер	17	82.156	46.964
Пайыздық шығыстар	18	(37.490)	(32.074)
Дивидендтерден түскен кіріс	19	465.880	458.067
Таза пайыздық кіріс және дивидендтерден түскен кіріс		510.546	472.957
Жалпы және әкімшілік шығыстар	20	(5.495)	(8.924)
Қаржылық кірістер	21	47.821	13.879
Қаржылық шығыстар	22	(12.511)	(33.707)
Басқа да ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану резервін қалпына келтіруден түскен кіріс		–	39
Бірлескен кәсіпорынға салынған инвестицияның шығуынан болған залал, нетто		–	(790)
Күтілетін несиелік зиян резервін есептеуден болған залал		(313)	(180)
Бағамдық айырмадан болған залал, нетто		(9.370)	(15.417)
Басқа да кірістер		1.254	289
Басқа да шығыстар		(65)	(530)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		531.867	427.616
Табыс салығы бойынша шығыстар	23	(3.967)	(1.112)
Кезеңдегі таза пайда		527.900	426.504
Кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс		–	–
Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы		527.900	426.504
Акцияға пайда			
Кезеңге акцияға таза пайданың негізгі және көбейтілген үлесі (теңге)	12	151,61	122,49

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры
Басқарма мүшесі



Алишер Рысқұлов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ЕСЕП


2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескер.	2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Дивидендтер бойынша түсімдер	19	325.940	258.086
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	13	–	23.605
Берілген қарыздарды қайтару		14.754	10.395
Кредиттік мекемелердегі қаражатты қайтару		3.345	3.345
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар бойынша түсімдер	14	236.309	–
Үкіметтен алынған қарыздарды өтеу	14	(440)	(440)
Еншілес компаниялар мен байланысты тараптарға қарыздар беру	7	(162.600)	(30.178)
Еншілес ұйымдар шығарған облигациялар бойынша түсімдер		7.773	520
Еншілес ұйымдар шығарған облигацияларды сатып алу	7	(123.709)	–
Өнім берушілерге төлемдер		(3.209)	(2.861)
Жалақы бойынша төлемдер		(1.090)	(1.441)
Демеушілік көмек беру		–	(4.181)
Корпоративтік табыс салығы		(7.034)	–
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы		(3.967)	(1.112)
Басқа да салықтар мен төлемдер		(1.493)	(1.972)
Алынған пайыздар		71.547	22.775
Төленген пайыздар	13, 14	(22.804)	(24.659)
Басқа да түсімдер		1.282	2.490
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі		334.604	254.372
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары			
Банк салымдарын орналастыру		–	(12.558)
Банк салымдарын қайтару		124	–
Еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына жарналар		(89.496)	(10.432)
Бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталына жарналар		–	(2.475)
Негізгі құралдарды сатудан болған түсімдер		–	12
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді өткізуден түскен түсімдер		2.086	1.873
Бірлескен кәсіпорындарды өткізуден түскен түсімдер		163.770	–
Бірлескен кәсіпорынның дивидендтерінен түскен түсімдер	19	1.052	–
Негізгі құралдарды сатып алу		(121)	(81)
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу		(386.158)	(248.463)
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын өтеуден түскен түсімдер		135.432	160.411
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жұмсалуды		(173.311)	(111.713)

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН
ЖЕКЕ ЕСЕП (жалғасы)**

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескер.	2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Акционерге бөлу	15	(17.735)	(31.650)
Алынған қарыздарды қайтару	13	(723)	(55.994)
Шығарылған облигациялар бойынша түсімдер	13	63.008	-
Қарыздар бойынша түсімдер	13	-	9.799
Үкіметтің қарыздарын өтеу	14	-	(137)
Басқа да төлемдер		(1.088)	-
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза түсуі/(жұмсалуды)		43.462	(77.982)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсуі		204.755	64.677
Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		(9.947)	22.535
Күтілетін несиелік зиян резервіндегі өзгеріс		6	58
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		621.278	392.967
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		816.092	480.237

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор
Басқарма мүшесі



Алмас Ысқұлов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ЖЕКЕ ЕСЕП

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін

Миллион теңгемен	Жарғылық Ескер.	Жарғылық капитал	Қосымша салынған капитал	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін инвестициялар ды қайта бағалау резерві	Бөлінбе- ген пайда	Жиыны
2021 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілген)		5.268.580	–	(1.472)	581.545	5.848.653
Кезеңдегі таза пайда		–	–	–	426.504	426.504
Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны		–	–	–	426.504	426.504
Акцияларды шығару	12	–	239	–	–	239
Акционерге басқа да бөлу	12	–	–	–	(24.000)	(24.000)
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт		–	–	–	(78)	(78)
2022 жылғы 30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)		5.268.580	239	(1.472)	983.971	6.251.318
2022 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілген)		5.268.819	–	(1.472)	1.229.391	6.496.738
Кезеңдегі таза пайда		–	–	–	527.900	527.900
Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны		–	–	–	527.900	527.900
Акцияларды шығару	12	76.543	–	–	–	76.543
Акционерге басқа да бөлу	12	–	–	–	(94.987)	(94.987)
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт	14	–	–	–	154.213	154.213
Акционермен жасалатын басқа да операциялар		–	–	–	(1.088)	(1.088)
2023 жылғы 30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)		5.345.362	–	(1.472)	1.815.429	7.159.319

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы
Басқарма мүшесі

директор



Идар Рысқұлов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

6-33 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептіліктің
(аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Корпоративтік ақпарат

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Қор «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қазына») мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ (бұдан әрі - «Самұрық») біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне (бұдан әрі - «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өз меншік құқығын қосымша беру арқылы құрылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Үкімет Қордың құрылтайшысы болып табылады. Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі - «Акционер») болып табылады.

2012 жылғы 1 ақпанда «*Ұлттық әл-ауқат қоры туралы*» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Қордың тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Қордың тобына кіретін активтерді тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға бағытталуға тиіс.

Қор 5 және 6-ескертпелерде тізбеленген бірқатар компаниялардағы инвестицияларды иеленетін холдинг болып табылады.

Қордың әкімшілік мекенжайы: Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10, Қазақстан Республикасы.

Осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікті Қордың Экономика және қаржы жөніндегі Басқарушы директоры мен Бас бухгалтері 2023 жылғы 22 қыркүйекте шығаруға бекітті.

Осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілік Қордың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосымша шығарылды. Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті Қордың Экономика және қаржы жөніндегі Басқарушы директоры мен Бас бухгалтері 2023 жылғы 22 қыркүйекте шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілік 34 ХБЕС «*Аралық қаржылық есептілік*» («34 ХБЕС») Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес дайындалды. Қор бұл қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады. Директорлар бұл жорамалға қатысты елеулі күмән тудыруы мүмкін айтарлықтай белгісіздіктер жоқ деп есептейді. Олардың пайымдауынша, Қордың таяу болашақта және есепті кезең аяқталған күннен кейін кем дегенде 12 ай ішінде операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстары бар деп негізді түрде күтуге болады.

Осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке жылдық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс барлық мәліметтер мен деректер кірмейді және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың жылдық жеке қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллион теңгеге дейін дөңгелектенген.

Шетел валютасын қайта есептеу

Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілік Қордың функционалдық валютасы мен есептілікті білдіру валютасы болып табылатын теңгемен берілді.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның ресми нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы аралық жеке есепке қосылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі - «ҚҚБ») белгіленген орташа өлшенген айырбас бағамдары Қазақстанда шетел валютасын айырбастаудың ресми нарықтық бағамдары ретінде пайдаланылады.

ҚҚБ -ның 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 452,51 теңгені құрады. Осы бағам 2023 жылдың 30 маусымына АҚШ долларында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2022 жылдың 31 желтоқсанына: 1 АҚШ доллары үшін 462,65 теңге). ҚҚБ -ның 2023 жылғы 22 қыркүйектегі айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 475,25 теңгені құрады. 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда шетелдік валюталардың теңгеге қатысты бағамының тұрақсыздығына байланысты Қорда 148.100 миллион теңге мөлшерінде теріс бағамдық айырма және 138.730 миллион теңге мөлшерінде оң бағамдық айырма қалыптасты.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңадан қабылданған стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Қордың жылдық жеке қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Қор шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбайды.

Кейбір түзетулер мен түсіндірмелер 2023 жылы қолданылды, бірақ олар аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ықпалын тигізбеді.

Қор тек Қор үшін ғана жарамды және қолданылатын стандарттардың тізімін ұсынды.

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа ауқымды стандарты 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» шығарды. 17 ХҚЕС (IFRS) 2005 жылы шығарылған «Сақтандыру шарттары» 4 ХҚЕС-ті (IFRS) ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Бұрын қолданылған жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ХҚЕС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алудың кешенді моделін ұсынып, есепке алудың барлық маңызды аспектілерді қамтиды. 17 ХҚЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр: Тікелей қатысу талаптары бар сақтандыру шарттары үшін белгілі бір модификациялар (ауыспалы сыйақы әдісі); Жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттар үшін.

Бұл стандарт Қордың аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

«Бухгалтерлік бағалауды анықтау» - 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерде бухгалтерлік бағалардағы өзгерістер мен есеп саясатындағы өзгерістер және кателерді түзету арасындағы айырмашылық түсіндіріледі. Сонымен бірге, құжатта ұйымдардың бухгалтерлік бағаларды әзірлеу үшін өлшеу әдістерін және бастапқы деректерді қалайша пайдаланатындығы түсіндіріледі.

Мұндай түзетулер Қордың аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» – 1 ХҚЕС-ке (IAS) және ХҚЕС бойынша № 2 Практикалық ұсынымдарға түзетулер

1 ХҚЕС-ке (IAS) және *«Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру»* ХҚЕС-ті қолдану жөніндегі №2 іс жүзіндегі ұсынымдарға түзетулер ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсету кезінде маңыздылық туралы пайымдауды қолдануға көмектесетін нұсқаулық пен мысалдарды қамтиды. Түзетулер ұйымдарға ұйымдардың есеп саясатының «елеулі ережелерін» ашып көрсетуі туралы талапты есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашып көрсету туралы талапқа ауыстыру есебінен, сондай-ақ ұйымдардың есеп саясаты туралы ақпаратты ашып көрсетуі туралы шешімдерді қабылдауы кезінде маңыздылық ұғымын қалайша қолдануы тиіс екендігіне қатысты нұсқаулықты қосу есебінен есеп саясаты туралы барынша пайдалы ақпаратты ашып көрсетуге көмектесуі тиіс.

Мұндай түзетулер Қордың аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық» - 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

«Пайдаға салынатын салықтар» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер бастапқы тануға қатысты алып тастауды қолдану аясын тарылтады, осылайша ол бұдан былай салық салынатын және шегерілетін уақыт айырмаларының тең болуына әкелетін операцияларға қолданылмайды, мысалы, объектілерді жалға алу немесе пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер жағдайында. Бұл түзетулер Қордың аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Қор, егер бұл қажет болса, келешек кезеңдерде практикалық сипаттағы жеңілдіктерді қолдануға ниетті.

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор әрбір есепті күнге еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың баланстық құнының құнсыздану индикаторларының болуын тексереді. Егер мұндай индикаторлар болса, активтердің өтелетін құны бағаланады және активтердің баланстық құнымен салыстырылады. Егер баланстық құн активтердің өтелетін құнынан асатын болса, құнсыздану мойындалады. Өтелетін құн қос мәннің ең үлкені ретінде айқындалады: өткізуге шығатын шығыстарды және пайдалану құндылығын шегере отырып активтердің әділ құны. Пайдаланудан болған құндылықты бағалау кезінде, есепті келешек ақша ағындары ақшаның және активтерге тән тәуекелдердің уақытша құнының Қор Басшылығының пікірінше ағымдағы нарықтық бағалауын көрсететін капиталдың орташа алынған құнының базасында есептелген (WACC) салық салынғанға дейінгі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады.

Бағаланған өтелетін құндағы өзгеріс қосымша құнсыздануға немесе оның келешек кезеңдерде қалпына келтірілуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-на (бұдан әрі -«ҚТЖ») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Активтердің құнсыздану белгілері болуының айқындалуы теміржол индустриясының күтілетін өсіміндегі өзгеріс, болжамды ақша ағындары, келешекте қаржыландырудың қолжетімділігінің өзгеруі; технологиялық ескіру, қызметтерді көрсетудің тоқтатылуы, орнын ауыстыруға ағымдағы шығындар және талаптардың басқа да өзгерістері сияқты көптеген факторларға негізделеді.

Қор басшылығы ҚТЖ-дағы инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде ҚТЖ-ға салынған инвестициялардың баланстық құны 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ҚТЖ-ның таза активтерінен жоғары болды.

ҚТЖ-ға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. ҚТЖ-ға салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды.

Ақша ағындарын бағалауға көптеген субъективті факторлар қосылған, оның ішінде ең үздік қолжетімді дәлелдерді пайдалана отырып, операциялық және қаржылық.

Тест кезінде пайдаланылған операциялық жорамалдар тасымалдаудың барынша ықтимал көлемдерін, оның ішінде сұраныстың жоспарланған көлемінің және транзиттік қатынаста жүк тасымалы өсімінің тарихи серпінділігінің негізінде, стратегиялық мақсаттарға қолжеткізу құралы болып табылатын ҚТЖ-ның бекітілген бизнес-жоспарының негізінде транзит көлемін көрсетеді.

Қаржылық жорамалдарға тарифтердің болжамды деңгейімен және өсуімен, ұсынылатын жеңілдіктермен, сондай-ақ теңгенің швейцария франкісіне қатысты болжамды бағамымен байланысты едәуір бағалаулар жатады. Есептеулерде пайдаланылған шешуші ұзақ мерзімді жорамалдар 4% (2022 жылғы 31 желтоқсан: 4,00%) өсімінің жыл сайынғы үрдісі мен 13,29% (2022 жылғы 31 желтоқсан: 12,36%) мөлшерінде АҚШ долларында дисконттау мөлшерлемесі қолданылды.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қордың инвестицияларын пайдалану құндылығын есептеудің негізінде құнсыздану анықталған жоқ. Бұл ретте пайдалану құндылығының есебі келесі жорамалдарға сезімтал келеді:

- Транзиттік ара қатынаста жүк тасымалының көлемдеріне;
- Кірістілік мөлшерлемесі, оған қоса тарифтердің өсуі, тасымалданатын жүк түрлері, жүк тасымалдауының қашықтығы; және
- Дисконттау мөлшерлемесіне (WACC).

Қор сезімталдылықты талдап, қалған жеке және өзгермейтін параметрлердегі шешуші жорамалдардағы өзгерістер кезінде құнсыздану болмайды:

- Өсу қарқыны - өсу қарқынының 4%-дан 0,75%-ға дейін төмендеуі;
- Дисконттау мөлшерлемесі (WACC) – дисконттау мөлшерлемесінің 13,29%-дан 16,29%-ға дейін ұлғаюы.

Дегенмен, жоғарыда аталған шешуші жорамалдардың әрқайсысы едәуір өзгерген кезде немесе бірнеше фактордың бірмезгілде негативті ықпалы кезінде, Қор инвестицияларының баланстық құны олардың өтелетін құнынан жоғары болып қалуы мүмкін, бұл құнсыздануды келешекте мойындау қажеттілігіне әкеп соқтыра алады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ-на (бұдан әрі – «АстанаГаз») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор басшылығы АстанаГаз-дағы инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде АстанаГаз-ға салынған инвестициялардың баланстық құны 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша АстанаГаз-дың таза активтерінен жоғары болды.

АстанаГаз-ға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. АстанаГаз-ға салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды. Пайдалану құндылығы «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының терминалды құнының (пост болжамды кезеңде) келтірілген құны ретінде бағаланды. Терминалды құнның есептелуі «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры модельдеудің барлық кезеңінде, постболжамды кезеңді қоса, АстанаГаз-дың меншігінде болады деген жорамалдың негізінде қалыптастырылды, бұл компанияға оны АстанаГаз акционерлерін қанағаттандыратын талаптарда 2033 жылдан кейін, яғни жалдау төлемдері негізінен қарыздарға қызмет көрсетуге жұмсалатын кезеңнен кейін жалға беруді жалғастыруға мүмкіндік береді.

Есептеу кезінде 13,00% (2022 жылғы 31 желтоқсан: 13,00%) дисконттау мөлшерлемесі (WACC) пайдаланылды. Бұл талдаудың нәтижесінде 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздану анықталмады. WACC мөлшерлемесінің 1%-ға ұлғаюы Қор инвестицияларының баланстық құны олардың өтелетін құнынан жоғары болуына әкеп соқтыра алады, бұл құнсыздануды келешекте мойындау қажеттілігіне әкеп соқтыра алады.

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-ке (бұдан әрі - «Samruk-Kazyna Ondeu») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор басшылығы Samruk-Kazyna Ondeu-дегі инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде Samruk-Kazyna Ondeu-ге салынған инвестициялардың баланстық құны 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Samruk-Kazyna Ondeu-дің таза активтерінің баланстық құнынан жоғары болды.

Samruk-Kazyna Ondeu-ге салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. Samruk-Kazyna Ondeu-ге салынған инвестициялардың өтелетін құны олардың таза активтерінің әділ құны негізінде айқындалды.

Инвестицияның өтелетін құнын бағалаудың нәтижесінде 2023 жылғы 30 маусымға құнсыздану анықталмады.

«Қазпошта» АҚ-на (бұдан әрі – «Қазпошта») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор басшылығы Қазпоштадағы инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде Қазпоштаға салынған инвестициялардың баланстық құны 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қазпоштаның таза активтерінен жоғары болды.

«Қазпошта» АҚ-на салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. «Қазпошта» АҚ-на салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды.

Ақша ағындарын бағалауға көптеген субъективті факторлар қосылған, оның ішінде ең үздік қолжетімді дәлелдерді пайдалана отырып, операциялық және қаржылық.

Тест кезінде пайдаланылған операциялық жорамалдар стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің құралы болып табылатын «Қазпошта» АҚ-ның бекітілген бизнес-жоспарының негізінде пошта қызметтерінің барынша ықтимал көлемдерін көрсетеді.

Қаржы жорамалдарына болжамды деңгеймен және тарифтердің өсуімен, берілетін жеңілдіктермен байланысты едәуір бағалаулар жатады. Есептеулерде пайдаланылған шешуші ұзақ мерзімді жорамалдар 4,5% (2022 жылғы 31 желтоқсан: 4,5%) өсімнің жыл сайынғы үрдісі мен 13,59% (2022 жылғы 31 желтоқсан: 14,26%) мөлшерінде АҚШ долларында дисконттау мөлшерлемесі қолданылды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)

«Қазпошта» АҚ-на (бұдан әрі – «Қазпошта») салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)

Инвестицияның өтелетін құнын бағалаудың нәтижесінде 2023 жылғы 30 маусымға құнсыздану анықталмады.

Қор сезімталдылықты талдап, басқа да тең талаптарда шешуші жорамалдардағы өзгерістер кезінде, оның ішінде өсімнің ұзақ мерзімді үрдісі мен дисконттау мөлшерлемесі бойынша құнсыздану болмайды.

- *Өсу қарқыны* - өсу қарқынының 4,5%-дан 0,5%-ға дейін төмендеуі;
- *Дисконттау мөлшерлемесі (WACC)* – дисконттау мөлшерлемесінің 13,59%-дан 15,59%-ға дейін ұлғаюы.

Дегенмен, жоғарыда аталған шешуші жорамалдардың әрқайсысы едәуір өзгерген кезде немесе бірнеше фактордың бірізгі негізінде негативті ықпалы кезінде, Қор инвестицияларының баланстық құны олардың өтелетін құнынан жоғары болып қалуы мүмкін, бұл құнсыздануды келешекте мойындау қажеттілігіне әкеп соқтыра алады.

«Түркістан ПМУ» ЖШС-не (бұдан әрі – «Түркістан ПМУ») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор басшылығы Түркістан ПМУ-дағы инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде Түркістан ПМУ-ге салынған инвестициялардың баланстық құны 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Түркістан ПМУ-дің таза активтерінен жоғары болды.

Түркістан ПМУ-ге салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. Түркістан ПМУ-ге салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды.

Ақша ағындарын бағалауға көптеген субъективті факторлар қосылған, оның ішінде ең үздік қолжетімді дәлелдерді пайдалана отырып, операциялық және қаржылық.

Тест кезінде пайдаланылған операциялық жорамалдар стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің құралы болып табылатын Түркістан ПМУ-дің бекітілген бизнес-жоспарының негізінде электр энергиясын сатудың барынша ықтимал көлемдері мен қуаттылығын көрсетеді.

Есептеу кезінде 15,50% дисконттау мөлшерлемесі (WACC) және 2,59%-ға жыл сайынғы өсу қарқыны пайдаланылды. Бұл талдаудың нәтижесінде 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздану анықталмады. WACC мөлшерлемесінің 1,6%-ға ұлғаюы Қор инвестицияларының баланстық құны олардың өтелетін құнынан жоғары болуына әкеп соқтыра алады, бұл құнсыздануды келешекте мойындау қажеттілігіне әкеп соқтыра алады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Келесі кестеде еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар, олардың қызметі, тіркелген елі немесе Қордың еншілес ұйымдарының орналасқан жері, сондай-ақ Қордың бұл еншілес ұйымдардағы иелік ету үлесі көрсетілген:

Миллион теңгемен	Қызметінің түрі	Елі	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	Иелік ету үлесі	
					2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	31 желтоқсан 2022 жылғы (аудит жүргізілген)
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	Жолаушылар және жүк тасымалы	Қазақстан	1.767.111	1.612.899	100,00%	100,00%
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Мұнай мен газды барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау	Қазақстан	1.559.445	1.536.365	87,42%	87,42%
«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС	Химия саласындағы жобаларды әзірлеу және іске асыру	Қазақстан	467.117	465.221	100,00%	100,00%
«Самұрық-Энерго» АҚ	Электр және жылу энергиясын өндіру	Қазақстан	458.519	458.519	100,00%	100,00%
«Тау-кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	Қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан	295.853	295.764	100,00%	100,00%
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («КЕГОК»)	Электр қуатын тарату	Қазақстан	120.648	120.648	90,00% + 1	90,00% + 1
«ҚазАтомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ	Уранды, сирек металдарды шығару және өндіру	Қазақстан	110.608	110.608	75,00%	75,00%
«Түркістан ПМУ» ЖШС	Электр энергиясын беру, бөлу және сату	Қазақстан	99.675	11.790	100,00%	100,00%
«Қазақтелеком» АҚ	Телекоммуникациялар қызметі	Қазақстан	93.212	93.212	52,03%	52,03%
«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	Инвестициялық қызмет	Қазақстан	82.929	78.129	100,00%	100,00%
«Қазпошта» АҚ	Почта және қаржылық қызмет	Қазақстан	59.395	53.745	100,00%	100,00%
«QAZAQ AIR» АҚ	Авиатасымалдаулар	Қазақстан	46.147	46.147	100,00%	100,00%
«АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС	Гидро электр станцияларының электр энергиясын өндіру	Қазақстан	36.183	–	100,00%	–
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Құрылысты және жылжымайтын мүлікті басқару	Қазақстан	31.849	31.849	100,00%	100,00%
«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ	Табиғи газ бен газ конденсатын барлау, өндіру, тасымалдау, өткізу және сақтау	Қазақстан	30.094	13.179	100,00%	100,00%
«АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС	Гидро электр станцияларының электр энергиясын өндіру	Қазақстан	23.445	–	100,00%	–
«Эйр Астана» АҚ	Авиатасымалдаулар	Қазақстан	7.276	7.276	51,00%	51,00%
«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС	Трансформацияны іске асыру бойынша сервистік қызметтер, АТ саласында ақпараттық және сервистік қызметтер	Қазақстан	2.692	2.692	100,00%	100,00%
«Қазақстан атом электр станциялары» АҚ	Атом электр станцияларын салу жобаларын іске асыру	Қазақстан	1.633	1.633	100,00%	100,00%
«Самғау» Ғылыми-Технологиялық Бастамалар Орталығы» жеке қоры	Инновациялық технологиялар, жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы өзге де зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер	Қазақстан	300	150	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	Сатып алу қызметін ұйымдастыру	Қазақстан	21	21	100,00%	100,00%
Минусы: құнсыздану резерві			(244.663)	(244.663)		
			5.049.489	4.695.184		

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардағы өзгерістер

Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардағы қозғалыс негізінен былайша көрсетілген:

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ шығарған 73.709 миллион теңге мөлшеріндегі облигацияларды нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеменен сатып алды. Осы облигацияларды сатып алу күніне әділ құн мен оның номиналды құны арасындағы 14.715 миллион теңге мөлшеріндегі айырма инвестициялардың өсуі ретінде танылды (7-ескерпне).

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-на 162.600 миллион теңге мөлшерінде нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеменен қарыз берді. Қарыздың берілу күніне әділ құн мен оның номиналды құны арасындағы 139.497 миллион теңге мөлшеріндегі айырма инвестициялардың өсуі ретінде танылды (7-ескерпне).

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ шығарған 50.000 миллион теңге мөлшеріндегі облигацияларды нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеменен сатып алды. Осы облигацияларды сатып алу күніне әділ құн мен оның номиналды құны арасындағы 22.145 миллион теңге мөлшеріндегі айырма инвестициялардың өсуі ретінде танылды (7-ескерпне).

«Қазпошта» АҚ

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «Қазпошта» АҚ жарғылық капиталына 5.650 миллион теңге мөлшерінде ақшалай салым салды (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде: 3.508 миллион теңге).

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-тің жарғылық капиталына 4.800 миллион теңге мөлшерінде ақшалай салым салды.

«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ жарғылық капиталына баланстық құны 16.915 миллион теңге (әділ құнға тең) болатын мүліктік салымды жүзеге асырды және инвестиция құнын ұлғайтты.

«Түркістан ПМУ» ЖШС

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «Түркістан ПМУ» ЖШС-тің жарғылық капиталына 77.000 миллион теңге мөлшерінде ақшалай салым салды. Қордың «Халық Банкі» АҚ-нан алынған «Түркістан ПМУ» ЖШС қарызы бойынша қаржылық кепілдік бойынша міндеттемесі бар. 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде «Түркістан ПМУ» ЖШС қарыз бойынша транш алды және Қор 10.885 миллион теңге сомасына қаржылық кепілдік бойынша міндеттемені мойындады және тиісінше «Түркістан ПМУ» ЖШС инвестициясын мойындады.

«АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС және «АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Қор «АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС («Шүлбі ГЭС») қатысу үлесінің 100% және «АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС («ӨГЭС») қатысу үлесінің 100%-ын Акционерден Қордың орналастырылатын акцияларын төлеуге әділ құн бойынша алды (12-ескерпне) және еншілес ұйымдарға тиісінше 36.183 миллион теңге және 23.445 миллион теңге сомасына инвестицияларды мойындады.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**

5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Құнсыздану резерві

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-не 216.396 миллион теңге, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-не 16.067 миллион теңге көлемінде және «QAZAQ AIR» АҚ-на 12.200 миллион теңге сомасына инвестициялардың құнсыздануына резервті таныды.

6. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
«АстанаГазКМГ» АҚ	43.695	43.695
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	16.390	16.390
"Бутадиен" ЖШС	8.531	–
Минусы: құнсыздану резерві	(9.474)	(9.474)
	59.142	50.611

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қор «АстанаГаз ҚМГ» АҚ-на 9.474 миллион теңге сомадағы (2022 жылғы 31 желтоқсан: 9.474 миллион теңге) инвестициялардың құнсыздану резервін таныды.

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-дан «Бутадиен» ЖШС-нің жарғылық капиталына қатысу үлесінің 25%-ын 8.531 миллион теңгеге сатып алып, бірлескен кәсіпорынға осы сомаға инвестиция салғанын мойындады. 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша тиісті ақшалай сыйақы төленбеді. «Бутадиен» ЖШС-нің бірлескен қызметі туралы келісімге сәйкес инвестициялар объектісінің тиісті қызметі бойынша шешімдер қабылдау үшін бірауыздан келісім талап етіледі, нәтижесінде Қор «Бутадиен» ЖШС-не бірлескен бақылау алды.

Бірлескен кәсіпорындардың қызметі, олардың орналасқан жерінің елі және Қордың үлесі былайша берілген:

Компания	Қызметінің түрі	Елі	Иелік ету үлесі	
			2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
«АстанаГазКМГ» АҚ	Газды тасымалдау	Қазақстан	50,00%	50,00%
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	Электр және жылу энергиясын өндіру және өткізу	Қазақстан	50,00%	50,00%
"Бутадиен" ЖШС	Мұнай-химия өнімін өндіру	Қазақстан	25,00%	–

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

7. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУҒА ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестицияларға мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері		
Еншілес ұйымдарға берілген қарыздар	359.047	340.789
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	111.624	88.060
«Самұрық-Энерго» АҚ	94.568	94.434
«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС	61.371	58.943
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	51.808	59.082
«QAZAQ AIR» АҚ	35.241	33.698
Басқалары	4.435	6.572
Өзге ұйымдарға берілген қарыздар	15.908	17.404
«Досжан Темір Жолы» АҚ	5.900	6.140
«Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ	3.189	4.445
Басқалары	6.819	6.819
Еншілес ұйымдар шығарған облигациялар	1.168.464	1.081.927
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	565.456	505.752
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	413.989	379.306
«Қазақтелеком» АҚ	42.572	42.572
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	26.678	34.385
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	10.531	13.174
Басқалары	109.238	106.738
Өзге ұйымдар шығарған облигациялар	122.402	119.172
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	77.656	74.589
«Baiterek Venture Fund» АҚ	40.153	40.151
Басқалары	4.593	4.432
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(10.602)	(10.069)
Берілген қарыздардың жалпы сомасы, нетто	1.655.219	1.549.223
Қаржылық жалдауға таза инвестициялар	2.518	3.177
Берілген қарыздар мен қаржылық жалдауға салынған таза инвестициялардың жалпы сомасы	1.657.737	1.552.400
Минусы: ағымдағы бөлік	(189.734)	(151.285)
Ұзақ мерзімді бөлік	1.468.003	1.401.115
Берілген қарыздар мен қаржылық жалдауға таза инвестициялар келесі валюталарда білдірілді:		
	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
<i>Миллион теңгемен</i>		
Теңгемен білдірілген, берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	1.133.672	1.042.995
АҚШ долларында білдірілген, берілген қарыздар	513.541	496.240
Рубльмен білдірілген, берілген қарыздар	10.524	13.165
	1.657.737	1.552.400

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**

7. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУҒА ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Төмендегі кестеде КНЗ деңгейлері бойынша берілген қарыздардың ашылып көрсетілуі көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)		
	Жалпы баланстық құн	Күтілетін несиелік зиян резерві	% КНЗ
1-деңгей	1.623.761	(3.594)	0,22%
2-деңгей	35.241	(189)	0,54%
3- деңгей	6.819	(6.819)	100%
	1.665.821	(10.602)	0,64%

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)		
	Жалпы баланстық құн	Күтілетін несиелік зиян резерві	% КНЗ
1-деңгей	1.518.775	(3.004)	0,20%
2-деңгей	33.698	(246)	0,73%
3- деңгей	6.819	(6.819)	100%
	1.559.292	(10.069)	0,65%

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша баланстық құны 1.131.154 миллион теңге болатын теңгемен берілген қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 0,1%-дан 14,5%-ға дейін (2022 жылғы 31 желтоқсанға: баланстық құны 1.039.818 миллион теңге болатын теңгемен берілген қарыздар 0,1%-дан 14,50%-ға дейін), АҚШ долларымен берілген қарыздар бойынша баланстық құны 513.541 миллион теңге жылдық 5%-дан 11,00%-ға дейін құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанға: баланстық құны 496.240 миллион теңге болатын 5,00%-дан 11%-ға дейін берілген қарыздар). 2023 жылғы қыркүйектен 2062 жылғы қарашаға дейін берілген қарыздарды өтеу күні (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 2023 жылғы қыркүйектен 2062 жылғы қарашаға дейін).

Еншілес ұйымдарға берілген қарыздардағы өзгерістер

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі - «SKC»)

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде «SKC» 4.913 миллион теңге (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 4.218 миллион теңге) сомасына қарыздарды ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясым АҚ-ға өтеу мерзімі - 2033 жылдан бастап жыл сайынғы үлестермен және «Жолаушылар тасымалы» АҚ теміржол жолаушылар вагондарының жылжымалы құрамының паркін жаңарту мақсатында «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на кейіннен несие беру үшін жылдық 0,05% сыйақы мөлшерлемесімен 162.600 миллион теңге мөлшерінде қарыз берді. Берілу күніне қарыздың номиналды және әділ құны арасындағы 139.497 миллион теңге мөлшеріндегі айырма «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-дағы инвестициялардың ұлғаюы ретінде танылды (5-ескертіне). Қарыздың әділ құны қарыздың берілу күніне жылдық 11,59% нарықтық пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептелді.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**

7. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУҒА ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Еншілес ұйымдар шығарған облигациялардағы өзгерістер

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның 50.000 миллион теңге, 10 жыл айналу мерзімімен және 0,5% сыйақы мөлшерлемесімен облигацияларын сатып алды. Сатып алу күніне облигациялардың номиналды және әділ құны арасындағы 22.145 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-дағы инвестициялардың ұлғаюы ретінде танылды (*5-ескертпе*). Облигациялардың әділ құны облигацияларды сатып алу күніне жылдық 11,74% нарықтық пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептелді.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның 20 жыл айналу мерзімімен және 8,74% сыйақы мөлшерлемесімен 73.709 миллион теңге облигацияларын сатып алды. Сатып алу күніне облигациялардың номиналды және әділ құны арасындағы 14.715 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-дағы инвестициялардың ұлғаюы ретінде танылды (*5-ескертпе*). Облигациялардың әділ құны облигацияларды сатып алу күніне жылдық 11,59% нарықтық пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептелді.

8. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ

Кредиттік мекемелердегі қаражатқа мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
қазақстандық 10 ірі банк	783.338	776.813
Басқа да жергілікті кредиттік мекемелер	21.120	21.422
Есептелген сыйақы	11.104	2.377
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(6.993)	(7.206)
Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы	808.569	793.406
Минусы: қысқа мерзімді бөлік	(436.172)	(227.886)
Ұзақ мерзімді бөлік	372.397	565.520

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
BBB+(Baa1)-дан BBB(Baa2)-ға дейін рейтинг	–	400.384
BBB-(Baa3)-тен BB-(Ba3)-ке дейін рейтинг	674.164	54.006
B+(B1)-ден B-(B3)-ке дейін рейтинг	141.398	346.222
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(6.993)	(7.206)
	808.569	793.406

Кредиттік мекемелердегі қаражат келесі валюталарда білдірілді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Теңгемен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат	808.569	793.274
АҚШ долларымен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат	–	132
	808.569	793.406

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

8. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ (жалғасы)

Негізінен, кредиттік мекемелердегі қаражат Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктерге және басқа да қаржы ұйымдарына орналастырылған қаражатты (нысаналы қарыздар), сондай-ақ уақытша бос ақша қаражатын басқару саясаты шеңберінде орналастырылған банк депозиттерін білдіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде орналастырылған банк депозиттері	400.274	400.516
Екінші деңгейдегі банктердегі облигациялық қарыздар	351.404	332.482
Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында кредиттік мекемелердегі қаражат	63.884	67.614
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(6.993)	(7.206)
Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы	808.569	793.406
Минусы: қысқа мерзімді бөлік	(436.172)	(227.886)
Ұзақ мерзімді бөлік	372.397	565.520

Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде орналастырылған банк депозиттері

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша уақытша бос ақша қаражатын басқару саясаты шеңберінде орналастырылған банк депозиттері бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме теңгемен 10% құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанға: теңгемен 10%, АҚШ долларында 1%), өтеу күні 2023 жылғы шілдеден 2024 жылғы ақпанға дейін.

Екінші деңгейдегі банктердегі облигациялық қарыздар

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердегі облигациялық қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 8,46%-дан бастап 12,33% дейін болды (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 8,46%-дан 12,33%-ға дейін), өтеу күні 2024 жылғы желтоқсаннан бастап 2035 жылғы қарашаға дейін (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 2024 жылғы желтоқсаннан бастап 2035 жылғы қарашаға дейін). Облигациялар теңгемен білдірілген.

Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктер мен басқа да қаржы ұйымдарында орналастырылған қаражат (нысаналы қарыздар)

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізінен, Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктерге және басқа да қаржы ұйымдарына орналастырылған қаражат мынадай қаржы ұйымдары мен банктерге теңгемен берілген қарыздар мен банк салымдары көрсетілген:

- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 19.416 миллион теңге сомаға (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 19.416 миллион теңге) шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру мақсаттары үшін. Бұл қарыз бойынша номиналды пайыздық мөлшерлеме жылдық 5,5% құрайды;
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ экономиканың басым салаларындағы инвестициялық жобаларға 1.597 миллион теңге мөлшерінде (2022 жылғы 31 желтоқсанға: 1.870 миллион теңге) несие беру мөлшерлемесін төмендету үшін. Бұл қарыздар бойынша номиналды пайыздық мөлшерлеме жылдық 0,2% құрайды;
- Екінші деңгейдегі банктерге ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға және студенттерге, Астана мен Алматы қалаларында тұрғын үй объектілерін салуға кредит беруге тиісінше 41.098 миллион теңге және 1.774 миллион теңге мөлшерінде (2022 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 44.553 миллион теңге және 1.774 миллион теңге) қарыз берілген. Бұл қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер жылдық 1%-дан бастап 7,28%-ға дейін құрайды.

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың кредиттік мекемелерде мерзімі өткен қаражаты болмады.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**

9. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

Басқа да ұзақ мерзімді активтерге мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Беруге арналған мүлік	24.611	24.611
SAP лицензиялары	8.250	8.256
Басқалары	9	9
Минусы: құнсыздану резерві	(8.228)	(8.228)
	24.642	24.648

10. БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

Басқа да қысқа мерзімді активтерге мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	426.073	202.655
Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ноттары	271.039	20.313
Алынатын дивидендтер	154.201	15.313
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	18.417	18.417
Басқа да дебиторлық берешек	10.919	12.430
Акциялардың сатылғаны үшін дебиторлық берешек	–	164.685
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(28.503)	(28.503)
Қаржылық емес активтер	6.113	6.001
Басқалары	6.113	6.001
	432.186	208.656

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде, Қор уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде өтеу мерзімі он екі айдан аз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарына инвестициялады, олар әдетте өтелгенге дейін ұсталады.

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін несиелік зиян резерві негізінен пайдалануға шектелген ақша қаражаты бойынша есептелді.

Алынатын дивидендтер

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша алынатын дивидендтерге «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ және «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-тен тиісінше 150.728 миллион теңге, 3.219 миллион теңге және 254 миллион теңге мөлшерінде дивидендтер кіреді (2022 жылғы 31 желтоқсанға: «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ 15.313 миллион теңге мөлшерінде).

Акциялардың сатылғаны үшін дебиторлық берешек

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акцияларды сатқаны үшін дебиторлық берешек Cooperative KazMunaiGaz U.A Қор алдындағы «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК үлесінің 50%-ын сатқаны үшін берешекті білдіреді.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

11. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақша қаражаты мен оның баламаларына мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Банктердегі ағымдағы шоттар - АҚШ доллары	483.192	322.411
Банктердегі ағымдағы шоттар – теңгемен	23.870	54.439
Банктердегі ағымдағы шоттар - басқа валюталар	14	35
Мерзімді депозиттер - АҚШ доллары	191.525	190.728
Мерзімді депозиттер – теңгемен	4.907	12.210
Кемінде үш ай өтеудің бастапқы мерзімі бар сатып алу және кері сату («кері репо») шарттары	112.672	41.549
Минусы: күтілетін несиелік зиян резерві	(88)	(94)
	816.092	621.278

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша мерзімді депозиттер бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме теңгемен 15,93%, АҚШ долларында 4,81% (2022 жылғы 31 желтоқсанға: теңгемен 13,97%, АҚШ долларында 1,74%); ағымдағы банк шоттары бойынша – теңгемен 0,28%, АҚШ долларында 4,75% (2022 жылғы 31 желтоқсанға: теңгемен 0,10%, АҚШ долларында 2,48%).

12. КАПИТАЛ

Жарғылық капитал

	Шығаруға рұқсат етілген және шығарылған акциялардың саны	Акцияның теңгемен номиналды құны	Жарғылық капитал, миллион теңгемен
2022 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)	3.481.961.409		5.268.819
Кезең ішінде шығарылған акциялар:			
<i>Еншілес ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің жарналарымен шығарылған және төленген акциялар</i>	50	723.663.220	36.183
	40	586.110.925	23.445
<i>Шығарылған және мүлік жарнасымен төленген акциялар</i>	1.000	16.915.397	16.915
2023 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	3.481.962.499		5.345.362

Мүлік жарналары

2023 жылғы 14 сәуірде Қор номиналды құны 16.915.397 теңгені құрайтын 1.000 акция шығарды, оны Акционер әділ құны 16.915 миллион теңгені құрайтын жылжымалы мүлікпен төледі, оны әрі қарай Қор «Qazaq Gaz» ұлттық компаниясы» АҚ жарғылық капиталына салым ретінде берді (5-ескертеме).

Еншілес ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестерімен жарналар

2023 жылғы 19 сәуірде Қор 59.628 миллион теңге жалпы сомаға номиналды құны 723.663.220 теңге болатын 50 акцияны және номиналды құны 586.110.925 теңге болатын 40 акцияны шығарды, оларды Акционер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 желтоқсандағы №1033 Қаулысына сәйкес Шүлбі ГЭС және ӨГЭС қатысу үлесінің 100% беру жолымен төледі. Қор сәйкесінше 36.183 миллион теңге және 23.445 миллион теңге әділ құны бойынша Шүлбі ГЭС және ӨГЭС-дегі еншілес ұйымдарға инвестицияларды мойындады (5-ескертеме).

Қосымша салынған капитал

2022 жылғы 28 маусымда Қор «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінен» Қордың орналастырылатын акцияларын төлеуге жалпы сомасы 239 миллион теңгеге жылжымалы мүлікті қабылдады. 2022 жылғы 28 маусымда Қор осы жылжымалы мүлікті «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ жарғылық капиталына салым ретінде берді (5-ескертеме). 2022 жылғы 1 шілдеде Қордың бұрын берілген мүлік есебіне орналастырылатын бір акциясы тіркелді.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

12. КАПИТАЛ (жалғасы)

Акционерге басқа да бөлу

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда, Акционер өкімінің негізінде, Қор 94.987 миллион теңге (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 24.000 миллион теңге) жалпы сомаға түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте Акционерге басқа да бөлу ретінде таныды (15-ескертпе).

Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда Қор 73.709 миллион теңге сомасына облигацияларды орналастырды (14-ескертпе). Номиналды және әділ құн арасындағы 14.716 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды.

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда Қор 162.600 миллион теңге сомасына қарыз алды (14-ескертпе). Номиналды және әділ құн арасындағы 139.497 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды.

Акциялардың баланстық құны

Қазақстан Қор Биржасының («ҚҚБ») талаптарына сәйкес ашылып көрсетілетін қосымша ақпарат

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Активтердің жиыны	8.884.872	7.976.134
Минусы: материалдық емес активтер	(668)	(799)
Минусы: міндеттемелер жиыны	(1.725.553)	(1.479.396)
Жай акцияның құнын ҚҚБ талаптарына сәйкес есептеуге арналған таза активтер	7.158.651	6.495.939
Жай акциялар саны	3.481.962.499	3.481.961.409
ҚҚБ талаптарына сәйкес бір жай акцияның мың теңгемен құны	2.056	1.866

* Бір жай акцияның баланстық құнын ұсыну ХҚЕС-ке жатпайтын көрсеткіш.

«ҚҚБ» Биржа кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуға тиіс.

Акцияға пайда

Акцияға арналған базалық және бөлінген пайда Акционерге тиесілі кезеңдегі таза кірісті кезең ішінде айналыста болатын акциялардың орташа алынған санына бөлу арқылы есептеледі.

Келесі кестеде есепті кезеңдер үшін акцияға базалық және бөлінген пайданы есептеу үшін пайдаланылған кірістер пен акциялар туралы деректер келтірілген:

<i>Теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Базалық және акцияға бөлінген пайданы есептеу үшін Акционерге тиесілі таза кіріс	527.900	426.504
Акцияға базалық және көбейту пайдасына жай акциялардың орташа өлшенген саны	3.481.961.873	3.481.960.762
Кезеңге акцияға таза пайданың негізгі және көбейтілген үлесі (теңге)	151,61	122,49

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

13. ҚАРЫЗДАР

Қарыздарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	Шығару сомасы	Өтеу күні	Тиімді сыйақы мөлшерлемесі	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Алынған қарыздар				85.610	98.704
			Ресей Федерациясының Орталық банкiнiң негiзгi мөлшерлемесi +		
Банк «ВТБ» ПАО	10,4 миллиард рубль	2023	1,75%	54.621	68.095
«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	18,4 миллиард теңге	2023	16,07%	17.108	15.889
«First Heartland Jusan Bank» АҚ	20,5 миллиард теңге	2032	6,50%	13.881	14.720
Облигациялар				549.449	486.481
Bonds LSE 2021	500 миллион АҚШ доллары	2026	2,36%	224.548	229.241
Bonds KASE 2020	129 миллиард теңге	2023	10,9%	130.295	130.295
Bonds AIX 2023	140 миллион АҚШ доллары	2023	3,5%	63.382	–
Bonds KASE 2018	40,5 миллиард теңге	2024	9,25%	43.341	41.468
Bonds KASE 2018	34,5 миллиард теңге	2024	9,25%	36.920	35.324
Bonds KASE 2017	25 миллиард теңге	2027	10,5%	26.051	26.050
Bond KMG 2017	111 миллиард теңге	2044	10%	20.319	19.671
Bond DBK 2009	114,9 миллиард теңге	2059	6,43-10,22%	4.593	4.432
Қарыздардың жалпы сомасы				635.059	585.185
12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде				(274.201)	(220.016)
12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар				360.858	365.169

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

13. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

Қарыздар келесі валюталарда білдірілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Теңгемен көрсетілген қарыздар	292.508	287.849
АҚШ долларында көрсетілген қарыздар	287.930	229.241
Ресей рублімен көрсетілген қарыздар	54.621	68.095
	635.059	585.185

30 маусымда аяқталған алты ай үшін қарыздардағы өзгерістер былайша көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023*	2022*
1 қаңтарға сальдо (аудит жүргізілген)	585.185	1.099.014
Ақша қаражатымен алынды	63.008	33.404
Есептелген сыйақы	17.512	21.878
Дисконтты бастапқы тану (21-ескерте)	–	(1.905)
Төленген пайыздар	(14.089)	(15.930)
Негізгі борышты төлеу	(723)	(55.994)
Дисконт амортизациясы	2.478	24.973
Валютаны қайта есептеу	(18.474)	55.877
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның басқа берешегімен өзара есеп айырысу	–	(91.175)
Басқасы	162	151
30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)	635.059	1.070.293

* Қордың кейбір қарыздары бойынша ақша түсімдері мен төлемдері ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық жеке есепте операциялық қызметтен болған ақша ағындарына қосылған, өйткені бұл қарыздар активтерді басқару шеңберінде Қордың негізгі қызметінің бір бөлігі болып табылады.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 13.576 миллион теңге таза баланстық құны бар негізгі құралдар мен инвестициялық мүлік Қордың қарызы бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылды (2022 жылғы 31 желтоқсан: 13.671 миллион теңге).

Облигациялар

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор жылдық 3,5% купон мөлшерлемесімен және 2023 жылғы 26 желтоқсанда өтеу мерзімімен АІХ қор биржасында 140 миллион АҚШ доллары (төлем жасау күніне бағам бойынша баламасы 63.008 миллион теңге) сомасына облигацияларды орналастырды.

Ковенанттар

Қор несиелік келісімдердің талаптары бойынша қаржы және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор барлық қаржы және қаржылық емес көрсеткіштерді орындайды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

14. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАРЫЗДАРЫ

Үкіметтің қаражатына мыналар кіреді:

Миллион теңгемен	Өтеу күні	Тиімді сыйақы мөлшерлемесі	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Ұлттық қордың активтері есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар	2035-2063	5,56-13,99%	746.303	672.208
Үкіметтен алынған басқа да қарыздар	2029-2046	5,15-9,6%	34.700	11.396
Қазақстан Республикасы Үкіметі қарыздарының жалпы сомасы			781.003	683.604
Минусы: ағымдағы бөлік			(9.610)	(3.760)
Ұзақ мерзімді бөлік			771.393	679.844

30 маусымда аяқталған алты ай үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарындағы өзгерістер былайша көрсетілген:

Миллион теңгемен	2023 жылғы*	2022 жылғы*
1 қаңтарға сальдо (аудит жүргізілген)	683.604	579.369
Ақша қаражатымен алынды	236.309	–
Есептелген сыйақы	15.006	8.685
Дисконт	(154.213)	78
Төленген пайыздар	(8.715)	(8.729)
Негізгі борышты төлеу	(440)	(577)
Дисконт амортизациясы	9.452	10.418
30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)	781.003	589.244

* Қордың кейбір қарыздары бойынша ақша түсімдері мен төлемдері ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық жеке есепте операциялық қызметтен болған ақша ағындарына қосылған, өйткені бұл қарыздар активтерді басқару шеңберінде Қордың негізгі қызметінің бір бөлігі болып табылады.

Ұлттық қордың активтері есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор 73.709 миллион теңге сомасына облигацияларды орналастырды. Облигацияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ұлттық Қор қаражатының есебінен сатып алды. Осы облигацияларды сатудан түскен қаражат елдің транзиттік және экспорттық әлеуетін ұлғайтуға бағытталған жалпы ұзындығы 836 км болатын «Достық-Мойынты» теміржол учаскесінің екінші жолдарының құрылысын қаржыландыру мақсатында «ҚТЖ ҰК» АҚ-на облигациялық қарыз беруге бағытталды (7-ескертілме). Алынған қаражаттың әділ құны 58.993 миллион теңгені құрады. Номиналды және әділ құн арасындағы 14.716 миллион теңге мөлшеріндегі айырма капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (12-ескертілме).

Үкіметтен алынған басқа да қарыздар

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2022 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қор Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен 0,05% пайыздық мөлшерлемен және 30 жыл өтеу мерзімімен 162.600 миллион теңге мөлшерінде қарыз алды. Қарыз кейіннен «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на несие беру үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-на несие беру мақсатында берілді (7-ескертілме). Алынған қаражаттың әділ құны 23.103 миллион теңгені құрады. Номиналды және әділ құн арасындағы 139.497 миллион теңге мөлшеріндегі айырма капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (12-ескертілме).

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

15. БАСҚА ДА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Басқа да міндеттемелерге мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Қаржылық міндеттемелер	219.881	128.698
Түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер	210.081	127.276
<i>Астана қаласында 200 орынды Ұлттық шұғыл медицина үйлестіру орталығын және Алматы қаласында 350 орынды Ұлттық инфекциялық аурулар ғылыми орталығын салу</i>	89.386	90.976
<i>Астана қаласында перинаталдық орталықты салу</i>	65.000	–
<i>ҚР Дене шынықтыру және спортты дамытуға бағытталған жобаларды қаржыландыру</i>	19.412	–
<i>Астана қаласында Қазақстанның гимнастика федерациясының орталығын салу</i>	16.200	16.200
<i>Жетісу облысы өңірі халқының әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үйлерді салу</i>	11.583	11.600
<i>Астана қаласында отбасылық демалыс паркін салу</i>	8.500	8.500
Басқалары	9.800	1.422
Қаржылық емес	1.445	1.490
Басқасы	1.445	1.490
Басқа да ағымдағы міндеттемелердің жалпы сомасы	221.326	130.188

Түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда, Акционердің өкімдеріне сәйкес, Қор 94.987 миллион теңге (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 24.000 миллион теңге) жалпы сомаға түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді мойындады (*12-ескертіме*). Міндеттемелердің танылуы Акционерге басқа да бөлу ретінде ескерілді.

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда іс жүзінде аударылған қаражат 17.735 миллион теңге (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 31.650 миллион теңге) болды.

16. ҚАРЖЫЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

30 желтоқсанға қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелерге мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы	2022 жылғы
1 қаңтарға (аудит жүргізілген)	80.419	53.588
Жыл ішінде берілген кепілдіктер	11.909	11.276
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер амортизациясы	(4.163)	(2.638)
30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	88.165	62.226
Минусы: ағымдағы бөлік	(88.165)	(5.991)
Ұзақ мерзімді бөлік	–	56.235

Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер өз еншілес ұйымдары мен бірлескен кәсіпорынның қызметін және қолданыстағы келісімшарттарын қаржыландыру үшін қаржылық мекемелер берген кепілдіктер бойынша Қордың міндеттемелерін білдіреді (*5 және 6-ескертіпелер*). Кепілдік шарттарының негізгі бөлігі Қорға өтемақының болмауы талабында жасалған. 2023 жылғы 30 маусымда берешектің жалпы кепілдікті сомасы 2.138 миллион АҚШ долларын және 388.872 миллион теңгені (2022 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 2.170 миллион АҚШ доллары, 182.746 миллион теңге) құрайды.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**

17. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР

Пайыздық кірістерге мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Берілген қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	38.824	21.275
Облигациялар бойынша сыйақы	38.288	19.733
Қарыздар бойынша сыйақы	5.044	5.956
	82.156	46.964

18. ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАР

Пайыздық шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Шығарылған облигациялар мен алынған қарыздар бойынша сыйақы	27.112	20.791
Қаржылық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы	10.378	11.283
	37.490	32.074

19. ДИВИДЕНДТЕРДЕН ТҮСКЕН КІРІС

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	262.276	180.847
«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ	150.728	170.541
«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ	27.065	–
«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ	11.838	11.899
«Эйр Астана» АҚ	3.833	–
«Samruk-Kazyna OJSC» ЖШС	2.896	–
«Самұрық-Энерго» АҚ	2.041	2.041
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	1.052	–
«Тау-кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	–	88.819
Басқа да еншілес ұйымдар	4.151	3.920
	465.880	458.067

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор 326.992 миллион теңге мөлшерінде (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 258.086 миллион теңге) дивидендтер алды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

20. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАРЫ

Жалпы және әкімшілік шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Жалақы бойынша шығыстар	1.023	1.271
Демеушілік көмек және қайырымдылық	–	3.213
Басқасы	4.472	4.440
	5.495	8.924

Демеушілік көмек және қайырымдылық

Қор жыл сайын өзінің Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес қайырымдылыққа нысаналы трансферттерді бөліп отырады. Қайырымдылыққа арналған нысаналы трансферте «Самұрық-Қазына Trust» Корпоративтік қоры – бірегей Оператор арқылы іске асырылатын бірқатар жобаны қаржыландыру үшін берілді.

Басқасы

Басқа да шығыстарға басқа да әкімшілік шығыстар жатады, оның ішінде жалпы сомасы 136 миллион теңге (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 143 миллион теңге) жалпы сомада басқару органының – Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылары бойынша шығыстар, және 515 миллион теңге (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 678 миллион теңге) жалпы сомада ведомстволық бағынысты ұйымдардың операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін қаражат және Қордың операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін өзге де әкімшілік шығыстар жатады.

21. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

Қаржылық кірістерге мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Банк депозиттері бойынша сыйақы	25.468	1.918
«Кері репо» операциялары және ҚР Ұлттық банктің ноттары бойынша кірістер	7.449	7.169
Ағымдағы банк шоттары бойынша сыйақы	7.203	107
Қаржылық кепілдіктер бойынша кірістер	4.226	2.775
Қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясы	3.475	5
Алынған қарыздар бойынша дисконт	–	1.905
	47.821	13.879

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

22. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

Қаржылық шығыстарға мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Қарыздар мен облигациялардың сыйақылары бойынша шығыстар	5.740	9.923
Алынған қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	5.553	23.784
Басқасы	1.218	–
	12.511	33.707

23. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Табыс салығы бойынша шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	3.967	1.112
	3.967	1.112

24. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Келесі кестелерде байланысты тараптармен 2023 және 2022 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін жасалған мәмілелердің жалпы сомасы және 2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсанағы жағдай бойынша операциялардың сальдосы көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптарда орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттер
Еншілес ұйымдар	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	1.587.792	66.264	10.029
Қауымдасқан компаниялар және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындары	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) 2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	4.837 5.015	– –	– –
Мемлекет бақылайтын басқа да кәсіпорындар	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) 2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	146.423 144.654	852.462 754.492	23.860 54.221

* 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша байланысты тараптардың берешегі нетто негізінде білдірілді, оның ішінде күтілетін несиелік зиян сомасы: еншілес ұйымдардан – 2.367 миллион теңге, қауымдастырылған компаниялардан және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындарынан – 1.063 миллион теңге, мемлекет бақылайтын өзге де кәсіпорындардан – 182 миллион теңге (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жыл: еншілес ұйымдардан - 1.728 миллион теңге, қауымдастырылған компаниялардан және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындарынан - 1.126 миллион теңге, мемлекет бақылайтын өзге де кәсіпорындардан – 249 миллион теңге).

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

24. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптардың берешегі өзге де дебиторлық берешекті, берілген қарыздарды және қаржылық жалдауға таза инвестицияларды қамтиды, ал байланысты тараптарға берешек өзінің еншілес ұйымдарының және өзге де байланысты тараптардың қызметін және елеулі келісімшарттарын қаржыландыру үшін қаржы мекемелеріне берілген кепілдіктер бойынша Қордың кредиторлық берешегін, қарыздарын, міндеттемелерін қамтиды.

<i>Миллион теңгемен</i>		Дивидендтерден түскен кіріс	Байланысты тараптардан сатып алу	Байланысты тараптарға сатудан түскен кіріс
	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)			
Еншілес ұйымдар	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	464.828	1.801	1.180
		458.067	1.352	91.259

<i>Миллион теңгемен</i>		Байланысты тараптарға есептелген сыйақы	Байланысты тараптарға есептелген сыйақы	Байланысты тараптарға есептелген қаржылық кірістер	Байланысты тараптарға есептелген қаржылық шығыстар
	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	57.666	2.838	7.358	1.249
Еншілес ұйымдар	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	22.366	2.778	1.919	23.784
Қауымдасқан компаниялар және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындары	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	219	–	–	–
	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	236	–	–	–
Мемлекет бақылайтын басқа да кәсіпорындар	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	3.993	27.809	346	–
	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	4.136	22.448	346	–

Негізгі басқарушы персоналға төленген, қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы жеке есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған сыйақының жалпы сомасын 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін 252 миллион теңге (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 239 миллион теңге) құрайды. Аталған сомаларға 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін 136 миллион теңге (2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 143 миллион теңге) жалпы сомада басқару органы - Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіз директорлардың сыйақысы кіреді.

Атқарушы органның мүшелеріне төленген сыйақы салықтар мен зейнетақы аударымдарын және бір жылдағы жұмыс нәтижелері бойынша өзге де төлемдерді ескере отырып, жалақы бойынша шығыстардан тұрады.

25. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Қордың негізгі қаржылық міндеттемелерінің құрамына кредиттік мекемелерден және Үкіметтен алынған қарыздар, шығарылған облигациялар, қаржы кепілдіктері және өзге де кредиторлық берешек кіреді. Көрсетілген қаржы құралдары, ең бастысы, Қордың операцияларына қаржыландыру тарту үшін пайдаланылады. Қордың қаржылық активтерінің құрамына еншілес ұйымдар мен кредиттік мекемелер берген қарыздар, банктік депозиттер, өзге де қаржылық активтер, өзге де дебиторлық берешек, сатып алынған облигациялар мен мемлекеттік бағалы қағаздар, оның тікелей операциялық қызметі нәтижесінде пайда болатын ақша және оның баламалары кіреді.

Қор нарық тәуекеліне, пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекелге, кредит тәуекеліне, валюта тәуекеліне және өтімділік тәуекеліне ұшырауы мүмкін.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**

25. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Қаржы құралдарының әділ құны

Қор бағалау модельдері бөлінісінде қаржы құралдарының әділ құнын белгілеу және ол туралы ақпаратты ашып көрсету үшін мына иерархияны пайдаланады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарыққа арналған бағалар (ешқандай да түзетулерсіз);
- 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады;
- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама әсер ететін бастапқы деректерде қолданылатын әдістер.

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржы құралдарының (баланстық) ағымдағы құнын, төменде ашылып көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, олардың әділ құнына барынша жақын болып табылады:

	2023 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)				
	Баланстық құн	Әділ құны	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)			Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
<i>Миллион теңгемен</i>					
Қаржы активтері					
Кредиттік мекемелердегі қаражат (8-ескертпе)	808.569	759.917	–	759.917	–
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар (7-ескертпе)	1.655.219	1.545.951	–	1.444.872	101.079
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары (10-ескертпе)	271.039	271.039	271.039	–	–
Қаржылық міндеттемелер					
Алынған қарыздар (13-ескертпе)	635.059	602.169	204.783	397.386	–
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары (14-ескертпе)	781.003	541.111	–	541.111	–
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер (16-ескертпе)	88.165	100.727	–	100.727	–
Басқа да міндеттемелер	145.081	146.912		–	146.912

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

25. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

Миллион теңгемен	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)				
	Баланстық құн	Әділ құны	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
			Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Елеулі бақыланбай- тын бастапқы деректер (3-деңгей)
Қаржы активтері					
Кредиттік мекемелердегі қаражат (8-ескертпе)	793.406	749.140	–	749.140	–
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар (7-ескертпе)	1.549.223	1.420.701	–	1.326.946	93.755
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары (10-ескертпе)	20.313	20.313	20.313	–	–
Акциялардың сатылғаны үшін дебиторлық берешек (10-ескертпе)	164.685	163.218	–	–	163.218
Қаржылық міндеттемелер					
Алынған қарыздар (13-ескертпе)	585.185	541.800	198.715	343.085	–
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары (14-ескертпе)	683.604	509.900	–	509.900	–
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер (16-ескертпе)	80.419	161.003	–	161.003	–
Басқа да міндеттемелер	127.276	126.460	–	–	126.460

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде әділ құн иерархиясының 1-деңгейі мен 2-деңгейі арасындағы аударымдар жүзеге асырылмады; сондай-ақ 3-деңгейдің әділ құнын бағалау санатына немесе одан аударымдар жүзеге асырылмады.

Жоғарыда көрсетілген қаржы құралдарының әділ құны иеленетін пайыздық мөлшерлемелер бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін болашақтағы ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

26. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Шоғырландырылған деңгейдегі операциялық сегменттер өндірілетін өнім және әртүрлі нарықтарда көрсетілетін қызметтер негізінде білдірілген. Басқару мақсатында Топ алты негізгі операциялық сегментті анықтады: мұнай-газ химиясы, тау-кен өндіру, тасымалдау, коммуникациялар, энергетика, өнеркәсіп. Қор Басқармасы негізгі операциялық шешімдерді қабылдайтын және ресурстарды бөлу және қызмет тиімділігін бағалау туралы шешімдер қабылдау мақсатында әрбір бизнес-бөлімше қызметінің нәтижелерін талдайтын орган болып табылады. Сегменттік есептілік бойынша ашып көрсетулер 8 ХҚЕС (IFRS) сәйкес 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 35-ескертпесінде көрсетілген.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

27. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Шартты міндеттемелер

Қор елеулі міндеттемелердің пайда болу ықтималдығының дәрежесін бағалайды және міндеттемелердің пайда болуына алып келетін оқиғалар болатын жеткілікті ықтималдық болған, ал тиісті міндеттемелердің сомасы дұрыс айқындалуы мүмкін жағдайда ғана өзінің аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігінде тиісті резервті көрсетеді. Бұл аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікте қандай да бір шартты міндеттемелер бойынша резерв құрылмады.

Қордың шартты және шартты міндеттемелері 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген; 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде жаңа елеулі шарттық міндеттемелер болмады.

Соттың істі қарауы

Қорға тиесілі Kashagan B.V. акцияларының қамауға алынуына орай Қор шағымы бойынша Стати мырзаға және онымен байланысты тараптарға қарсы басталған сот ісі

2017 жылғы 14 қыркүйекте Амстердам қ. соты шешімінің негізінде Қордың оған тиесілі құны 5,2 миллиард АҚШ доллары болатын КМГ Кашаган Б.В. акцияларының 50% қатысты құқықтарына бұл акцияларға билік ету бөлігінде шектеу (бұдан әрі – «шектеу») салынды.

Аталған шектеу Стокгольмның Сауда Палатасының Арбитраждық Институтының жанында Арбитраждық трибунал 2013 жылы шығарған Қазақстан Республикасына қарсы Анатолий Статидің, Габриэль Статидің, Ascom Group SA және Terra Raf Trans Trading Ltd. Ісі бойынша арбитраждық шешімнің Нидерландтарда танылуы және орындалуы бойынша шағымды қамтамасыз ету шеңберінде салынды.

2020 жылғы 14 шілдеде Амстердам қаласының Апелляциялық соты Нидерландтардың аумағында Қазақстан Республикасына қарсы 2013 жылы шыққан арбитраждық шешімді мойындау туралы шешімді қабылдады, сот Қорға қатысты арбитраждық шешімнің орындалуы туралы Баптың талабын қабылдамады.

2020 жылғы 18 желтоқсанда Жоғарғы сот Амстердам қ. Апелляциялық сотының 2019 жылғы 7 мамырдағы қамауда ұстау туралы шешімінің күшін жойды және істі Гаага қ. Апелляциялық сотының қарауына жолдады.

2022 жылғы 14 маусымда Гаага қаласының Апелляциялық соты 2017 жылдың қыркүйегінде салынған Қашағанның Қорға тиесілі акцияларына тыйымды алып тастау жөнінде шешім шығарды. 8 тамызда Стати Гаага Апелляциялық сотының 2022 жылғы 14 маусымдағы шешіміне кассациялық шағым түсірді.

2023 жылғы 22 қыркүйекте Нидерланды Жоғарғы Соты Статидің Гаага апелляциялық сотының 2022 жылғы 14 маусымдағы шешіміне шағымын қабылдамады. Жоғарғы соттың шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

Статидің 2017 жылғы 7 желтоқсанда берген шағымының Негізгі процесі, онда Стати сотты Қорды Қазақстан Республикасының бір бөлігі деп тануды және Қорды Арбитраждық шешімді орындауын міндеттеуді сұрады.

2021 жылғы 17 наурызда Негізгі процесс бойынша тыңдаулар өтті.

2021 жылғы 28 сәуірде Амстердамның Округтік соты Қордың Негізгі процесті КМГ Кашаган Б.В. акцияларын шектеуді шағымдану бойынша Гаагадағы Апелляциялық сотының шешіміне дейін кейінге қалдыра тұру өтінішін қанағаттандырды.

2022 жылғы 2 қарашада Қор Гаага қ. Апелляциялық сотының 2022 жылғы 14 маусымдағы шешіміне байланысты сот талқылауын тоқтату туралы өтініш берді, оған сәйкес 2017 жылғы қыркүйекте салынған Қашағанның Қорға тиесілі акцияларына тыйым алынып тасталды.

2023 жылғы 8 ақпанда Амстердам Округтік соты Анатолий мен Габриэль Статидің және олардың компанияларының («Стати») Қорға қарсы талаптарына жол берілмейді және нәтижесінде сот ісі тоқтатылады деп ұйғарды. Бұл ретте, Статидің осы шешімге шағымдануға құқығы бар.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

27. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

«Қазақстан Халқына» қоғамдық қорына бөлу

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңының 20-бабына сәйкес, Қор жыл сайын «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры арқылы коммерциялық емес ұйымға Қордың таза кірісінің кемінде жеті пайызы мөлшерінде қаражат бөліп отырады. Қаражат бөлу жөніндегі міндеттеме Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес танылады.

28. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Еншілес компанияларға инвестициялар

2023 жылғы 1 шілдеде Қор 24.201 миллион теңге мөлшеріндегі «Самұрық-Энерго» АҚ - еншілес компанияның жарғылық капиталына ақшалай салым салды.

Жарғылық капитал

2023 жылғы 9 тамызда Қор номиналды құны 114.504.250 теңгені құрайтын 20 акция шығарды, оны Акционер әділ құны 2.290 миллион теңгені құрайтын жылжымайтын мүлікпен төледі, оны әрі қарай Қор «Самұрық-Энерго» АҚ жарғылық капиталына салым ретінде берді.

2023 жылғы 12 қыркүйекте Қор 95.653 миллион теңге жалпы сомаға номиналды құны 64.469.200 теңге болатын 100 акцияны және номиналды құны 89.206.406.162 теңге болатын 1 акцияны шығарды, оларды Акционер «Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ-ғы қатысу үлесінің 100%-ын және «Қазақтелеком» АҚ-на қатысу үлесінің 28,8%-ын беру жолымен төледі. Алдағы уақытта, Қор «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ жарғылық капиталына қосқан үлесі ретінде «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ-ға қатысу үлесінің 100%-ын берді.

Алынатын дивидендтер

2023 жылғы шілдеде Қор «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ және «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-нен 150.728 миллион теңге, 3.219 миллион теңге және 254 миллион теңге мөлшерінде дивидендтер алды.